

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандасы
№ 51 бұйрығына 49-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы З сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 594-қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейімделген дene
шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
ұлгілік оқу бағдарламасы**

тaraу. Жалпы ережелер

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Бейімделген дene шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты дene шынықтыру мәдениетінің саласымен танысу және білімді менгеру, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын, физикалық қабілеттерін игеру, менгерген тәсілдермен және іскерлікпен сауықтыру қызметін жүзеге асыру; қозғалыс саласындағы бұзылыстарды тұрақтандыру және түзету, бұзылыстардың өршуінің алдын алу болып табылады.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) дene және рухани денсаулық негіздерін, әлеуметтік дағдылар мен жалпы жеке тұлғаны дамыту;

2) білім алушының өз психикалық және физиологиялық денсаулықтарын нығайтуға ынталандыру;

3) дene шынықтыру және дene тәрбиесі аясында теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын дамыту;

4) негізгі қозғалыс дағдылары мен қабілеттерін (төзімділік, жылдамдық, күш, ептілік және икемділік) дамыту және жетілдіру;

5) коммуникативтік дағдыларды дамыту, әртүрлі дерек көздерден ақпаратты пайдалана алуға қабілетті, оны тиісті түрде ұсыну;

6) жеке мінез-құлықты қалыптастыру және дамыту: дербестік, төзімділік, шыдамдылық және күте білу, байсалдылық;

7) патриоттық сезімге, сыйластыққа, командалық жұмыс дағдысына, жауапкершілігі мен өзара түсіністікке тәрбиелеу.

4. Тұзете-дамыту міндеттері:

1) тұзету мен тепе-тендікті дамыту: кеңістікте және денеге қатысты бастың дұрыс бақылауын қамтамасыз ететін постуральдық механизм;

2) қозғалыстағы дәлдікті, орнықтылықты, статикалық және динамикалық тепе-тендікті дамыту;

3) көру-моторикалық үйлесімділігін, білім алушылардың координациялық қабілеттерін, олардың жаттығу деңгейі, жаттығуларды орындау тәсілдерін (белсенді, көмек көрсетумен, пассивті) дамыту;

4) дene дамуындағы жетіспеушіліктерді (дene салмағында, дисплазияда, бой өсуінің тоқтауы, дene бітіміндегі бұзылыстар) тұзету және орнын толықтыру;

5) қол қызметі және заттық-манипуляциялық әрекетін дамыту, дұрыс емес қалыпты шектеу және жеңе білу;

6) қозғалыстағы екіншілік стереотиптің қалыптасуын алдын алу;

7) жүйке-қан тамырлары және зат алмасу бұзылыстарын жою немесе төмендету үшін тыныс алу қызметін қалыпқа келтіру, зақымдану аймағындағы қан айналымы мен зат алмасу процестерін жақсарту;

8) психомоториканың бұзылуын тұзету және орнын толықтыру (корқынышты, түйік кеңістікті, биіктікті еңсеру, өзін-өзі бағалауды арттыру немесе төмендеть).

2 - тарау. Оқы процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер

5. Оқыту процесін педагогикалық тәсілдердің негізінде ұйымдастырылған: жеке-бағыттық тәсіл, инновациялық тәсіл, дифференциалды тәсіл, құндылықты бағдарлы тәсіл, коммуникативті тәсіл, ойын арқылы оқыту.

6. Жеке-бағыттық тәсіл дene бітімінің жеке түрін, дene даярлығын, денсаулық күйін, психикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, дene шынықтыру-сауықтыру және спорттық-шығармашылық қызметтің қажеттілігін саналы түрде түсініп, қалыптастыруды болжайды.

7. Білім алушыларға білім берудің базалық құндылықтарын игертудің негізі әртүрлі дағдылармен ұштастыра жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту болып табылады: «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім беру» білім алушының мінез-құлқын және құнделікті қызметін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдар болуға арналған.

8. Сарапап оқыту тәсілі - білім алушылардың білім мазмұнын әртүрлі менгерудегі мүмкіндіктерін, білім аудағы ерекше қажеттіліктерін және біртектес топтардың болуын ескере отырып, білім алушылардың вариативті

типологиялық ерекшеліктерімен байланысты түзету-білім беру процесін ұйымдастыруды көздейді.

9. Дене шынықтыру мұғаліміне:

1) білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алу мақсатында оқыту жағдайларын жасау үшін аурулардың нысандары мен денсаулық жағдайына сәйкес білім алушыларды кіші топтарға бөлу;

2) білім алушылардың дене даму мүмкіндіктеріне байланысты жаттығулар тағайындау;

3) оқыту, сабак беру және бағалауға деген өз әдістерін дараландыру;

4) өзінің медициналық білімін физикалық әрекетке қолдана алатын медициналық білімі бар маманың қолдау көрсетуімен сабактар өткізу тиіс.

10. Бағдарламаны құруда дифференциалды тәсіл білім алушылардың типологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламаның әр түрлі нұсқаларын, оның ішінде жеке оқу жоспары негізінде құру мүмкіндігін көрсетеді.

11. Білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі білім, идеялар, іс-әрекет тәсілдерімен белсенді алмасуды көздең, нақты шығармашылық процесінде білім алушылардың білім алуын қарым-қатынас моделіне айналдырады.

12. Құндылықты бағдарлы тәсіл жеке тұлғаның өз қызметінде белгілі бір құндылықтарды бағдар ретінде тандау, оларды жеке әлеуметтік маңызды құндылықтар ретінде саналы түрде түсіну мен қабылдауға қабілетті білім алушының құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

13. Коммуникативті тәсіл:

1) оқыту процесіне қарым-қатынас біліктілігі мен жұмыс режимдерін, нақты коммуникацияның шарттарын (жұптық және топтық жұмыс) қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар енгізіледі;

2) алуан түрлі ақпарат түрлерін игеру; әр түрлі мәселелер бойынша пікірталас жүргізе білу, осы мәселелер бойынша өз ұстанымын қалыптастыру (әлеуметтік маңызды);

3) денеге күш түсірген кезінде өз күшін бағалау, әр түрлі жағдайларда жеке бейімделу және ассистивті құралдарды қолдана білу (жеке маңыздылығы).

14. Білім алушылар ақпаратты іздеу, жасау және өңдеу, онымен бірлесіп жұмыс істеу және оларды беру, бағалау, жабдық пен аспаптардың кең ауқымын қолдана отырып, өз жұмысын жетілдіру арқылы бүкіл бағдарлама бойы ақпараттық-коммуникативтік технологиялар пайдалану дағдыларын игереді.

15. Бағдарламаға енгізілген:

1) теориялық және практикалық сабактарда ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдану (бейне, презентациялар, графикитер, кестелер, өсу динамикасы);

2) өзін-өзі бағалау техникаларын үйрету мақсатында фото және бейнематериалдарды қолдану;

3) қозғалыс әрекеттерін талдау және бағалау, өлшеуге және жақсартуға көмек көрсету;

4) «Бейімделген дене шынықтыру» саласында көмек іздеу және ақпаратқа қол жеткізудің негізгі құралы ретінде ғаламторды өзара іс-қимылдың, ынтымақтастықтың, контентті құруды пайдаланады.

16. Дене шынықтыру жаттығуларынан уақытша босату мектеп дәрігерінің рұқсатымен жіберіледі. Уақытша босатылған білім алушылар дене дамуындағы жетіспеушілікті түзету бойынша жеке тапсырмалар орындалады.

17. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың пән бойынша қорытынды бағасы келесі сыныпқа ауыстыруға шешім қабылдау кезінде негізгі критерий болып саналмайды, бірақ қорытынды жетістіктерін бағалаудың негізгі құрамы ретінде қарастырылады. Пәндік нәтижелердің негізгі критерийлері оқу жылының соңында арнайы тест тапсыру кезінде қимыл-қозғалыс әрекеттерінің нәтижелерін өзгерту болып табылады.

18. Білім алушылармен дене шынықтыру сабактары санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы талаптарды қанағаттандыратын, спорттық жабдықтармен жабдықталған спорт объектілерінде (спорт залдарында, стадиондарда, бассейндерде, ашық спорт алаңдарында) өткізіледі. Сабакта спорттық инвентарь мен құралдар пайдаланылады: қол білектерінің ұсақ қимылдарын қабылдауды, тактильді сезімталдықты дамытуға арналған жаттығулар үшін алуантүрлі форма, түрлі-түсті, әртүрлі көлемдегі доптар, гимнастикалық таяқшалар, сақина, үрме доптар секіргіштер, обручтер, жалаушалар, тасымалданатын баскетбол себеттері, торлар, кубтар, білікшелер, кеглдер, ойыншықтар.

19. Оқу процесі арнайы заттардың, әр түрлі музыкалық шығармалардың жазбалары бар фонотеканың болуын талап ететін музыкалық, ырғақтық және бейімделген спорттық қызмет процесінде қозғалыс дағдыларын түзетуді болжайды.

20. Ассистациялық технологиялар: жеке техникалық қозғалыс құралдары; баламалы және қосымша коммуникацияға арналған аспаптар; электрондық адаптерлер, қосқыштар; жалаулар; арқаннан жасалған ирек жол (ұзындығы 2,0 м, арқан диаметрі 6 см); түрлі жабыны бар жолдар; жиналмалы-құрастырмалы ойыншықтар (алмалы-салмалы бөлшектермен); түрлі түсті және өлшемдегі ленталар (25 x 3 см, 12 x 3 см, 8 x 25 см, 2 x 25 см); массаж сақиналары, білікшелер, доптар (диаметрі 5, 6, 7, 8, 9, 10, 55, 65, 75 см); дұрыс тыныс алуын қоюға (постоновления) арналған материалдар мен құралдар; көп қызметті ойын құралдар; жұмсақ ірі модульдер, тренажерлер, арнайы велосипедтер.

21. Сабактың тиімділігін жоғарлату үшін айна, гимнастикалық қабырға, орындықтар, көлбеу жазықтықтар, үстел теннисіне арналған үстелдер, сатылар, баспалдақтар, із жолдары, рельефті және қабырғалы жылжымалы тақталар, көлбеу тақтайлар, шағын батуттар, тренажерлер, үрлемелі заттар қолданылады.

3 - тарау. «Бейімделген дene шынықтыру» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

22. «Бейімделген дene шынықтыру» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылына 96 сағатты;
- 2) 1-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылына 99 сағатты;
- 3) 2-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағатты;
- 4) 3-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағатты;
- 5) 4-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағатты құрайды.

23. Бағдарлама мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Қозғалыс қызметі» бөлімі;
- 2) «Қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттері мен сынни ойлауы» бөлімі;

- 3) «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі;
- 4) «Тірек-қозғалыс аппаратының зақымдалуын түзету» бөлімі.

24. «Қозғалыс қызметі» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту және түзету: тірек-қозғалыс аппараты, дene мен обьектіні басқару;
- 2) дene дамуындағы жетіспеушілікті түзету: тұрақтылық, статикалық және динамикалық тепе-тендікті дамыту, өз денесінде бағдарлана алу;
- 3) физикалық дамуға ықпал ететін түрлі дene жаттығуларында ұштасқан қимылдарды орындау және жақсарту;
- 4) аяқ-қол буындарының қозғалуын ұлғайту: заттарсыз және заттармен;
- 5) жаттығуларды орындау және реттілікті сақтау: қозғалыстағы ауытқушылықты жеңе білу;
- 6) өмірге қажетті білік пен дағдыны қалыптастыру үшін қозғалыс әрекетіндегі жетіспеушілікті анықтау;
- 7) іс-қимылдарды, динамиканы, байланысты талдау және бағалау, кеңістіктік бағдарды дамыту;
- 8) қозғалыс қабілетін жақсарту және түзету үшін оқытудың әр түрлі кезеңдерінде қындықтар мен тәуекелдерді түсіну.

25. «Қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттері мен сынни ойлауы» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) білім алушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, өзгеретін жағдайларға ден қою үшін баламалы шешімдер арқылы қозғалыспен байланысты идеяларды, стратегиялар мен жоспарларды бейімдеу;

2) командалық көшбасшының рөлін орындаіт отырып, мақсатқа жету үшін дербес және бірлескен жұмыс;

3) ағзаның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түзету және дамыту бағытындағы қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлескен жұмыс дағдыларын білу және түсіну;

4) бірқатар дene жаттығуларында ережелер мен құрылымдық тәсілдерді қолдану, пайдалану, құру;

5) конструктивтік ұсыныстар ұсына отырып, өзінің және басқалардың шығармашылық міндеттерін сын түрғысынан қарау;

6) өздерінің физикалық мүмкіндіктегін сезіну арқылы өз денесін қабылдауды ескере отырып, әр түрлі жағдайларда көңіл-күй мен эмоцияларды білдіруде шығармашылық қабілеттер мен идеяларды қолдану;

7) дene шынықтыру қызметін орындау уақытында жеке және топтық тапсырмаларды орындау кезінде адал жарысу дағдысын және ұжымдық жұмыс жасай алу, патриоттық сезімді дамыту;

8) қозғалыстардың әртүрлі мәннәтіндерімен негізделген рөлдерді орындау, олардың айырмашылықтарын сезіну және өз денесінің функцияларын бақылаудың қол жетімді тәсілдерін менгеру.

26. «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) денсаулық пен салауатты өмір салты үшін дene әрекетінің маңыздылығын түсіну, тұрақты, дербес және жүйелі дene шынықтырумен айналысуға қызығушылықты қалыптастыру;

2) білім алушының қозғалыс белсенділігін дамытуға бағытталған дene жаттығуларын орындау қажеттілігін түсіну;

3) ағзадағы физикалық өзгерістерді бақылау, тыныс алуға түрлі физикалық күштің әсерін, жүрек жиілігін, дene температурасын, қозғалысты түзету;

4) қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, бірқатар физикалық жүктемелерге қатысу кезінде тиісті түрде ден қоя отырып, қындықтар мен тәуекелдерді айқындау;

5) қозғалыс бұзылыстарын ескере отырып, мектеп ішінде және одан тыс дene және спорт қызметіне қатысу мүмкіндігін анықтау және ұсыну.

27. «Тірек-қозғалыс аппаратының зақымдалуын түзету» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жаттығу орындау арқылы кеудені (арқаны)түзету;

2) бұлшық ет корсетін нығайту (корсета);

3) сауықтырудың дәстүрлі емес түрлерімен танысу арқылы денсаулықты түзету;

4) спорттық ойындарды, эстафеталарды, жарыстарды өткізу және оларға дайындық барысында үйлестірушілік қабілеттерін дамыту және түзету;

5) тыныс алу функциясын қалпына келтіру.

28. 0-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметі: гимнастика - қолды көтеру, жазу, бұгу, айналдыру, денені әртүрлі бастапқы қалыптардан айналдыру, отырып түру, ішке жатып жаттығу, аударылу; әртүрлі бастапқы жағдайдағы бұрылу, қолдың әр түрлі қалпымен әрекет ету, атап өту, аяқ башпайларымен ұсақ заттарды алу; жеңіл

атлетика-жүру мен жүгірудің негізгі түрлері, қозғалыс бағыттары туралы түсініктер; берілген мақсаттар бойынша заттарды лақтыру; шаңғы спорты-жүргізуі жаттығулар, шаңғымен жүруді имитациялау, эллиптикалық тренажермен айналысу; арбадағы білім алушылар таяқтардың көмегімен жүріп-түруды, шаңғы таяқшаларының дұрыс қағып алуды орындайды; қозғалмалы ойындар - түзету, жүгіру және секіру, лақтыру, допты аулау; спорттық ойындардың элементтері: баскетбол - баскетболшының тіректері, допты беру, допты себетке тастау; футбол - футбол доптарын домалату, допты сол жерде және қозғалыста беру, оны заттардың айналасына айналдыру, допты тоқтату, допты көтерумен лақтыру, қақпаға лақтыру тәсілдері; жеңіл ережелер бойынша волейбол (немесе еденде отырып)- допты лақтыру және қағып алу; доптың төмennен берілуі (төмennен бір қолмен); гандбол- допты оң және сол қолмен қадаммен және жүгірумен жүргізу, допты қақпаға лақтыру; волейбола, баскетбола, футбола, гандбола элементтерімен қимыл ойындар; білім алушының физикалық мүмкіндіктері бойынша қазақтың ұлттық ойындары;

2) денсаулық және салауатты өмір салты: күн тәртібін сақтау және жеке гигиена, дene шынықтыру сабактарында қауіпсіздік ережелері, тыныс алу түрлері, оқытылатын спорт түрлері туралы бастапқы теориялық білім, салауатты өмір салты бойынша базалық білім;

3) қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттер мен сынни ойлауы: қозғалыс қабілетін жақсарту және түзету үшін физикалық жаттығуларды қолданудағы тактика мен техника элементтері; білім алушылардың таңдалған спорт түрлерінде ақпаратты интеграциялаудың әртүрлі тәсілдерін менгеруі; критерий бойынша өткен спорт түрлеріне тапсырмаларды орындау;

4) тірек-қозғалыс аппаратының зақымдалуын түзету: қозғалыс бұзылыстарының орынын толтыру үшін мұғалімнің басшылығымен әрбір жаттығудың теориялық негізін саналы түрде түсіну және түзету құралдарын қолдану;

29. 1-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметі: жеңіл атлетика-берілген бағыт бойынша жүру (дербес, қолдаумен), еңбектеу; білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып дұрыс жүруді (қозғалмалы аппараттарда, таяқтың көмегімен және тепе-тендік бұзылуымен, үйлестірумен) үйрету, тосқауылдан атау, биіктікті өзгерту, әртүрлі құмның үсті бойынша әртүрлі темпіде жүру; допты бір және екі қолмен, бастарынан (еденнен 2 м биіктікте орналасқан 1x1 метр қалқан) 2 м қашықтықтан біртіндеп 5 м дейін ұлғайта отырып лақтыру; әр түрлі бағыттар бойынша шағын доп және басқа да ұсақ заттар; ұлкен допты дәл ортасына; гимнастика - құру және қайта құру; командаларды орындау; қайта құру; бұрылу; тепе-тендік; доппен жаттығу; шаңғы спорты-жүргізуі жаттығулар, шаңғымен жүруді имитациялау. Эллиптикалық тренажердегі сабактар. Білім алушылар арбада жүруді таяқтардың көмегімен орындаиды. Шаңғы

таяқшаларындырыс ұстай; спорт ойындарының элементтері мен қозғалмалы ойындар - волейболда доп лақтыру және беру; футболда допты тіземен, аяқпен жіберу, жүргізу, соғу; түрлі позициялардан баскетбол доптарын сақинаға лақтыру, беру; гандболда ыңғайлыштықтан допты қақпаға беру, жүргізу, лақтыру; ұлттық қазақ ойындары-қозғалыс қабілеттерін жақсарту және түзету үшін дene жаттығуларын қолдануда техника, тактика элементтері; білім алушылардың физикалық мүмкіндіктері бойынша ұлттық қозғалмалы ойындар;

2) денсаулық және салауатты өмір салты: күн тәртібін және жеке гигиенаны сақтау; сабақ кезіндегі қауіпсіздік ережелері; жаттығуларды орындау кезінде дененің, кеудені дұрыс ұстай қалпы; снарядтар атауы; базалық спорттық терминологияларды; кеуде, іш және аралас тыныс алу; кеудені дұрыс ұстауды бақылау;

3) қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттер мен сынни ойлауы: қозғалыс қабілетін жақсарту және түзету үшін физикалық жаттығуларды қолданудағы техника, тактика элементтері; білім алушылардың таңдалған спорт түрлерінде ақпаратты интеграциялаудың әртүрлі тәсілдерін менгеруі; зерттеудің теориялық және практикалық әдістерінің үйлесімі; критерилер бойынша өткен спорт түрлеріне тапсырмаларды орындау;

4) тірек-қозғалыс аппаратының зақымдалуын түзету: тұрмыста қажетті қозғалыс дағдыларын қалыптастыру үшін жаттығулар: тістерді жуу және тазалау кезінде қолданылатын қозғалыстар, тарау, киіну, ас қасық, шанышқы, шыныаяқтан ішу; дем алуға, бұлшық еттердің босаңсуына арналған түзету жаттығулары; дұрыс кеудені (тік) ұстай, кеңістіктік түсініктерді, тепе-тендікті тәрбиелеу; әрбір жаттығудың теориялық негізін түсіну және түзету құралдарын қолдану үшін оларды мұғалімнің басшылығымен орын алған қозғалыс бұзылыстарын өтеу үшін қолдану;

30. 2-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметі: жеңіл атлетика-берілген бағыт бойынша жүру (өз бетімен, қолдаумен), аяқпен, өкшемен, ішпен, төрттікпен жүгіріп, домалайды. Шағын допты орнынан лақтыру, допты аулау. Тепе-тендікке арналған жаттығулар (тірекпен тұру, тіреусіз, тізеде тұру). Білім алушылар білуі тиіс: жаяу жүру, жүгіру, секіру жаттығуларының атаулары; гимнастика-саптық жаттығулар (бір қатарға, бір қатарға сапқа тұру, бір қатардан шеңберге қайта сапқа тұру), заттарсыз жалпы дамыту жаттығулары; орындыққа өрмелеу, маттар мен орындықтар арқылы атап өту; аспалы (жатқан орынға тіреу)); тепе-тендік (тіреумен, тіреусіз тұруға үйрету); шаңғы спорты-жүргізуши жаттығулар, шаңғымен жүруді имитациялау, эллиптикалық тренажермен айналысу; білім алушылар шаңғы спорты (Шаңғы жарысы, биатлон), шаңғы мүкәммалының түрлері туралы білімдері арқылы коляскадағы таяқтардың көмегімен жүріп-тұруды орындауды; қозғалмалы ойындар - жалпы дамыту жаттығулар элементтерімен ойындар: жүгіру және секіру ойындары, лақтыру ойындары, допты аулау; түзету және ұжымдық ойындар; спорттық ойындардың

элементтері - пионерболда, волейболда допты беру және қайта беру; футболда әртүрлі қашықтықтағы қақпаға допты беру, жүргізу, соғу, тұсу; баскетбол добын беру, лақтыру; гандбол қақпасына допты жүргізу, беру, лақтыру; спорттық ойындар элементтерімен қозғалмалы ойындар; ұлттық қазақ ойындары: «Асық ату», «Бес тас», «Тоғыз құмалақ»; ойындардағы техника, тактика элементтері;

2) денсаулық және салауатты өмір салты: күн тәртібін және жеке гигиенаны сақтау; сабақ кезінде қауіпсіздік ережесі; жаттығуларды орындау кезінде дененің, кеуденің дұрыс қалпы; снарядтардың атауы; базалық спорт терминологиясын қолдана білу; кеуде, іш және аралас тыныс алу; арқанды (кеуденің дұрыс қалыпты) бақылау; өз және сыныптастарының денсаулығына ұқыпты, жауапты және құзыретті қатынас таныту;

3) қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттер мен сынни ойлауы: снарядтар мен гимнастикалық элементтерді атау (гимнастикалық орындықтар, гимнастикалық қабырға, мат), сабақ кезінде қауіпсіздік ережелері, дұрыс қалыпты, жүруді, жүгіруді орындау, бұлшық еттердің босаңсусы мен қысымның мәнін білу; ересектердің басшылығымен снарядтарда, тепе – тенденкті, заттармен және заттарсыз негізгі жалпы дамытушы жаттығуларды, икемділікті дамытуға арналған жаттығуларды (жату жағдайында тартылу, топпен алға – артқа қарай омыртқа бойынша домалау, әртүрлі топтарда алға-артқа еніс) өз бетінше орындау; білім алушылардың таңдаған спорт түрлерінде ақпаратты интеграциялаудың әртүрлі тәсілдерін менгеру; зерттеудің теориялық және практикалық әдістерінің ұштасуы; критерий бойынша өткен спорт түрлерінен тест тапсырмаларын орындау; теориялық және практикалық әдістердің ұштасуы;

4) тірек-қозғалыс аппаратының зақымдалуын түзету: бұлшықеттерді босаңситу үшін, тыныс алу жаттығуларын өз бетінше орындау; дұрыс кеуде қалпын, кеңістіктік түсініктерді, тепе-тенденкті тәрбиелеу; тұрмысқа қажетті дағдыларды қалыптастыру; қозғалысындағы бұзылыстардың орнын толтыру үшін мұғалімнің басшылығымен әрбір жаттығудың теориялық негізін түсіну және түзету құралдарын қолдану; мұғалімнің басшылығымен қозғалысындағы бұзылыстарын түзету; алуантүрлі тыныс алудың түрлерін орындау үшін түзету жаттығулар.

31. З-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметі: женіл атлетика-жүру, жүгіру, есту немесе көру сигналымен тоқтай отырып, қозғалудың қолжетімді түрі бар эстафеталық, кедергілерді еңсерे отырып жүріп-өту; шағын допты дәлдеп лақтыру; гимнастика-құрастыру және қайта құру, саптық жаттығулар, бұрылыс, ажырату; гимнастикалық таяқшада жаттығу; тепе-тендендік пен атап өтуге жаттығу: аралас аспалы, доппен, таяқпен және шеңбермен жаттығулар, өрмелеву; шаңғы спорты- бейімдеуіш жаттығу, шаңғымен жүру. Эллиптикалық тренажерда сабақ. Коляскадағы білім алушылар таяқтардың көмегімен,

өздігінен немесе ересектердің көмегімен спорттық инвентарьды кигізуді орындаиды; қозғалмалы және спорттық ойындар: аралас тапсырмалар, эстафеталармен қозғалыс ойындары; футбол-қозғалмайтын және қозғалатын допқа сокқы; допты тоқтату; қақпаға допты бағыттау, лақтыру; баскетбол: баскетболшы тіреуі; допты ұстau, беру және жүргізу; допты лақтыру; отырып волейбол: төменнен және жоғарыдан екі қолмен тор арқылы жұп арқылы допты лақтыру және аулау; допты төменгі беру (төменнен бір қолмен); волейбол жеңілдетілген ережелер бойынша (немесе еденде отырып): допты лақтыру; допты беру; допты қабылдау және беру; гандбол: допты ұстau және тапсырма бойынша қақпаға лақтыру, қақпаши тіреуі; футбол, баскетбол, волейбол, гандбол элементтерімен қозғалмалы ойындар; Қазақстанның ұлттық ойындары: техникаларды, ережелерді зерделеу және бұрын зерттелген ойындардың жарыстарын өткізуге қатысу. Дербес дene дайындығының жеке жоспарларын жасау (ұлгі бойынша). Ойын кезінде дene дайындығының жеке көрсеткіштерін және ағзаның жай-күйінің өзгеристерін өзін-өзі бақылау;

2) денсаулық және салауатты өмір салты күн тәртібін және жеке гигиенаны сактау; салауатты өмір салты туралы тұтас түсініктердің қалыптасуы; сабақ кезіндегі қауіпсіздік ережелері; базалық спорттық терминологияны қолдана білу; кеуде, іш және аралас тыныс алу; кеудені дұрыс ұстаян бақылау; адамның денсаулығына зиянды әсер ететін факторларды білу, өз өмірін зиянды әдептерді болдырмау;

3) қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттер мен сынни ойлауы: залды кеңістікте бағдарлау; менгерген спорт түрлерінде әртүрлі тактиканы қолдана отырып, менгерген спорт түрлері бойынша жаттығуларды көрсету; спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу және ережелерді білу; ұжымдық ойнау;

4) тірек-қозғалыс аппаратының зақымдалуын түзету: тыныс алуға, бұлшық еттердің босаңсуына арналған жаттығуларды өз бетінше орындау; дұрыс арқаны (кеудені) ұстau, кеңістіктік көріністерді, тепе-тендікті тәрбиелеу; тұрмыстқа қажетті дағдыларды қалыптастыру үшін; қозғалысындағы бұзылыстардың орнын толтыру үшін мұғалімнің басшылығымен әрбір жаттығудың теориялық негізін түсіну және түзету құралдарын қолдану; жеке қимыл-қозғалыс қабілетін жақсарту және түзету үшін дene жаттығуларын қолданудағы техника, тактика элементтері.

32. 4-сыныпқа арналған «Бейімделген дene шынықтыру» пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметі: жеңіл атлетика - жылдам жүгіруде жүру, айдауышты жүгіріп өту, қозғалудың қол жетімді түрімен эстафеталық (жүру, жүгіру, жүгіріп өту, белсенді арбада жүру), шағын допты дәлдеп лақтыру (он, сол жақ)); гимнастика - бір орында және қозғалыстағы жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, гимнастикалық таяқшалармен, жалаушалармен, кіші шенберлермен, ұлken және кіші доптармен, орындықтармен, толтырылған доптармен жаттығулар кешені, көлбеу тақтамен жүру, тепе-тендікке арналған

жаттығулар; шаңғы спорт – шаңғыда жүруді имитациялау, тренажердегі сабактар, қашықтықты өту кезінде түрлі шаңғы жүрісін пайдалану; қозғалмалы және спорттық ойындар: түрлі коррекциялық және қозғалмалы ойындар, заттарды жылжыту және тасымалдау арқылы, допты тікелей жүргізу арқылы сызықтық эстафеталар; футбол: қозғалмайтын және қозғалатын доп бойынша сокқы; допты тоқтату; допты жүргізу; баскетбол: баскетболшы тіреуі, допсыз арнайы қозғалыстар, қағып алу, допты орнында жүргізу, шығыршықтың астынан екі қолмен екі қолмен лақтыру; волейбол отырып: допты екі қолмен төменнен және жоғарыдан тор арқылы жұптасып лақтыру және ұстап алу, допты төменгі жағынан беру (төменнен бір қолмен); волейбол: допты лақтыру, допты беру, ұстап алу және допты беру; гандбол: зерттелген тәсілдерді қолдана отырып ойын элементтері; футбол, баскетбол, волейбол, гандбол материалдарындағы қозғалмалы ойындар; ұлттық қазақ ойындары: техникаларды, тактикаларды және ұлттық ойындар жарыстарының ережелерін үйрену;

2) денсаулық және салауатты өмір салты: ортопедиялық режимді және күн режимін, жеке гигиенаны сақтау; сабак кезіндегі қауіпсіздік ережелері; салауатты және қауіпсіз өмір салтының құндылықтарын қабылдау және іске асыру, дene бітімінің өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі, спорттық-сауықтыру қызыметімен айналысу; базалық спорт терминологиясын қолдана білу; адам денсаулығына зиянды әсер ететін факторларды білу, өз өмірінен зиянды әдеттерді болдырмау; дene шынықтыру сабактары кезінде дene дайындығының жеке көрсеткіштерін және ағза жағдайының өзін-өзі бақылау;

3) қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттер мен сынни ойлауы: зал кеңістігінде бағдарлау; әр түрлі тактиканы қолдана отырып, менгерген спорт түрлері бойынша жаттығуларды көрсету; спорт түрлері бойынша жарыстар мен қауіпсіздік ережелерін білу; ұжым болып ойнау; жаттығулардың, снарядтардың, инвентарияның атауларын пайдалану; өз бойындағы дene ауытқушылығын түзету мен қажеттіліктерін жетілдіру бойынша өзіндік танымдық іс-әрекетін және ақпарат іздеуге дайын болу;

4) тірек-қозғалыс аппаратының зақымдалуын түзету: тыныс алуға, бұлшық еттердің босаңсуына арналған жаттығуларды өз бетінше орындау; дұрыс арқаны (кеудені) ұстай, кеңістіктік көріністерді, тепе-тендікті тәрбиелеу; тұрмыстқа қажетті дағдыларды қалыптастыру; қозғалысындағы бұзылыстардың орнын толтыру үшін мұғалімнің басшылығымен әрбір жаттығудың теориялық негізін түсіну және түзету құралдарын қолдану.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

33. Бағдарламада ұсынылған оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сынныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқыту мақсатының

реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1 кодында «1» - сыныбы, «1.2» - бөлімше, «1» - оқыту мақсатының реттік саны.

34. Оқыту маңсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Козғалыс қызметі» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшел ер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту және түзету: Тірек-қозғалыс аппараты, дене мен объектіні басқару	0.1.1.1 қозғалыс әрекеттерін түсіне алу; негізгі нұсқада қимыл дағдыларын дамыту және оны түрлі жағдайлар да қолдану үшін негіз жасай алу;	1.1.1.1 саптық жаттығуларды орындаі білу; денсаулық пен дene дамуында ауытқуларды есепке ала отырып, негізгі қозғалыс дағдылары мен біліктері; дененің тере- тенденциялары мен кеңістіктегі жағдайын бақылай алу; тік қалыпты ұстап тұру және отыру қалпынан тұру жағдайына өте алу	2.1.1.1 әртүрлі дene даму жаттығуларын орындау кезінде негізгі қозғалыс дағдыларын ың сапасын жақсартада алу; қозғалыс кезінде дененің тере- тенденциялары мен кеңістіктегі жағдайын бақылай алу; таңертенгілік жағдайын қешендерін құрастыру ережелері туралы түсініктерін ің болуы	3.1.1.1 дene дамытудың негізгі жаттығуларын орындау, қимылдарды үйлестіру, ептілік жаттықтырғу және тере-тендендікті сақтау кезінде түзету және бейімделу әдістерін пайдалана отырып, негізгі қозғалыс дағдыларын жақсартуды жалғастыра алу	4.1.1.1 әртүрлі дene жаттығуларын орындау кезінде негізгі қозғалыс дағдылары мен біліктерін көрсету, тере-тендендікті сақтай алу
1.2 Дене дамуындағы өзіне - өзі қызмет	0.1.2.1 өзіне - өзі қызмет	1.1.2.1 сабакта машиқтар	2.1.2.1 дұрыс арқаны	3.1.2.1 дene дамуын	4.1.2.1 дene дамуы мен

жетіспеу шілікті түзету: тұрақтылық, статикалық және динамикалық тепе-тендікті дамыту, өз денесінде бағдарлан а алу	көрсету дағдылары мен дағдылары н менгеру үшін көру мен моториканы үйлестіру, еркін қозғалыс актісі туралы түсінікке ие болу	мен дағдыларды игеру үшін еркін қозғалыс актісін үйымдастыра алу; жүруде, жүгіруде, секіруде әртүрлі тәсілдермен қозғалыстарды орындай алу	(кеудені) қалыптастыруға бағытталған жаттығулар кешенін орындай алу; өз денесін менгере алу	бақылай алу: тұрақтылық, статикалық және динамикалық тенденциялар менгере алу	дайындығын өз бетінше бақылай білуді көрсете алу; жылдам қозғалу және қозғалыс бағытын өзгерте алу; түзету жаттығуларын орындай алу
1.3 Дене дамуына ықпал ететін түрлі дене жаттығуларында ұштасқан қимылдарды орындау және жақсарту	0.1.3.1 тұрақты орындаушы етіп тағайында п, негізгі техника мен басқарушы қозғалыста р туралы түсініктері нің болуы	1.1.3.1 қимылдарды орындау кезінде артық кернеуді жоятырып, негізгі физикалық қозғалыстарды, олардың қарапайым мене даме жаттығулар мен қалай байланыста екенін білу	2.1.3.1 қажетсіз қозғалыстардың туындауын ескерте отырып немесе мүмкіндігін ше оларды жою олардың арқылы оларды өз бетімен байланыстыра отырып, негізгі қозғалыс дағдыларын жақсарта алу	3.1.3.1 қозғалыс әрекетінің жалпы ырғағын игеруге қол жеткізе отырып, физикалық даму үшін көзделген түрлі дене жаттығула рын орындау және байланыстыра алу	4.1.3.1 қимыл-қозғалыс қателіктерін алдын алу және түзете білуге, физикалық дамуына ықпал ететін түрлі жүйелі жаттығулар да қимыл-қозғалысты орындау сапасының жоғарылауын көрсете алу
1.4 Аяқ-қол буындарының қозғалуы	0.1.4.1 білім алушының ауруының дәрежесі	1.1.4.1 аяқ-қол буындарын дағы қозғалушыл	2.1.4.1 буындардағы қозғалушыл ықты	3.1.4.1 буындардың қозғалмалылығының	4.1.4.1 субъективті сезімдерге сәйкес қозғалыс

н ұлғайту: заттарсыз және заттармен жалпы дамытуш ы және түзету сипаттын дағы жаттығул ар	мен сипатына қарай көмек көрсетуме н тізеде түршп немесе тіреусіз тұра алу; ұсақ заттарды жоғары, тәмен лақтыра алу	ықты арттыруға арналған жаттығулар ды білу, буындар мен контрактура ларда баяу қозғалушыл ықтың қалыптасуы ның алдын алу	арттыру, бұлышық ет массасын, бұлышық ет тонусын, бұлышық ет күшін, тірек пен қозғалуды қалпына келтіру, қозғалыс пен ептілікті үйлестіру, тепе-тендік немесе алмастыру дағдыларын менгеру үшін жаттығулар ды қолдана алу	функциона лдық мүмкіндікт ерінің қол жеткен денгейін қалай сақтау және ұлғайту керектігін түсіну және асқынулар дың алдын ала білу – омыртқаны ң деформаци ясын және сau аяқ- қолдың деформаци ясын білу	амплитудас ы мен бұлышықет кернеуінің кушін дәл реттеуге мүмкіндік беретін жаттығулар ды көрсете алу
1.5 Жаттығул арды орындау және реттілікті сақтау: қозғалыст ағы ауытқуш ылықты жеңе білу;	0.1.5.1 кеңістікте заттармен және заттарсыз негізгі дене жаттығула рын орындау туралы түсінікке ие болу	1.1.5.1 аурулардың ерекшелігін ескере отырып, түрлі дene жаттығулар ын орындау контекстінд е уақыт, кеңістік, салмақ және жатық ұғымдары туралы білу	2.1.5.1 еркін қозғалыс актісін ұйымдасты ру кезінде қарапайым дене жаттығулар да қозғалыстар ды бірқалыпты орындау кезінде уақытты, кеңістікті білу	3.1.5.1 физикалық комбинаци яларда дербес қимылдард ы орындау кезіндегі дағдылар мен реттілікті түсіне алу	4.1.5.1 дене дамуының жеке ерекшелікт ерін ескере отырып, қимылдард ы орындауды ң уақыты, кеңістігі және бірқалыпты түсінігін көрсететін нақты және тиімді дағдылар

					мен тізбектерді қолдана алу
1.6 Өмірге қажетті білік пен дағдыны қалыптастыру үшін қозғалыс әрекетіндегі жетіспеу шілікті анықтау;	0.1.6.1 өзіндік қозғалыс ерекшеліктепі түсінікке ие болу және саналы түрде жетілдіре алу	1.1.6.1 қозғалыс дағдылары бойынша өз іскерліктері мен кемшіліктер ін сипаттай алу	2.1.6.1 өмірлік қажетті дағдылар мен біліктерді қалыптастыру үшін қозғалыс кемшіліктер ін түсіндіре алу	3.1.6.1 дене мүмкіндіктепін анықтай отырып, өз және басқалардың жаттығула рды орындау сапасын талқылай алу	4.1.6.1 дене жаттығуларын жақсы орындау үшін әлеуетін анықтай отырып, өзінің және басқаның қозғалыс мүмкіндіктепін салыстыра алу
1.7 Кеңістікте бағдарлануды дамуы мен байланыс ын, динамикасын, әрекетін бағалау және талдай білу	0.1.7.1 жеке пайдаланудың қосымша арнайы техникалық күралдарын пайдалана отырып, қолдау көрсетумен әрбір элементті түсіндіру кезінде жеңілдетілген түрде (баяу, бөлшектелген) әрекетті орындаи	1.1.7.1 түрлі жағдайларда әр түрлі кеңістіктерде қарапайым әрекеттерді орындаи алу	2.1.7.1 кеңістікте уақытқа қарай жаттығуларды анықтауды динамикасын қарапайым өзгертермен әрекеттерді жеткізе алу	3.1.7.1 жаттығула рды орындау және бағалау кезінде әрекеттер, кеңістік, динамика және байланыстар қатарын анықтай алу	4.1.7.1 әрекеттерді, кеңістікті, динамиканы және байланыста р қатарын түсіндіріп және көрсете отырып, өз және басқалардың іс-әрекетінің орындалуын салыстыра алу

	алу				
1.8 Қозғалыс қабілетін жақсарту және түзету үшін оқытудың әр түрлі кезеңдері нде қындықтар мен тәуекелде рді түсіну	0.1.8.1 дене дамуындағы ауытқуларды жене және ерекшеліктеп ері туралы түсінікке ие болу; жеке ортопедиялық режимді сақтай алу	1.1.8.1 физикалық мүмкіндікте рді ескере отырып, қарапайым және өзгертілген дене қарапайым және өзгертілген дене жаттығулар түсінікке ие болу; жеке ортопедиялық режимді сақтай алу	2.1.8.1 қарапайым және өзгертілген дене даму жаттығулар ын орындау кезінде қындықтар ды жеңе алу	3.1.8.1 қимыл-қозғалыс қызметін оқытудың әр түрлі кезеңдерін де қындықта рды жеңе дағдылары мен біліктерін көрсете алу	4.1.8.1 жаттығуларды орындау кезінде тәуекелдердің азайту қабілетін көрсете отырып, орындалатын жаттығулардың күрделілік деңгейін тани алу

2) «Қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қабілеттері мен сынни ойлауы» бөлімі:

2 - кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Білім алушылардың жеке білім алу қажеттіліктеп ерін ескере отырып, өзгеретін жағдайларға ден қою үшін баламалы шешімдер арқылы қозғалыспен байланысты идеяларды, стратегияла	0.2.1.1 тік тұрудың, жүрудің, манипулятивті қызметтің негізгі функцияларын қалыптастырыу мақсатында қимыл-қозғалыс мүмкіндіктеп ерін жүмылдыра алу	1.2.1.1 қозғалыста да, статикалық дозада да бұлшық ет күшін үлестіре отырып, физикалық іс-әрекетке қатысу кезіндегі қозғалыс идеяларын, , стратегиялары алып алу	2.2.1.1 қындықтарды жеңудің баламаларын түсінуді көрсете отырып, қозғалыс идеяларын, стратегияларын мен жоспарларын талқылай алу	3.2.1.1 меңгерген білімімен қозғалыс идеялары, стратегиялары мен жоспарлар қатарын өзбетінше баламалы шешімдерде қозғалыс идеяларын, стратегиялары мен жоспарларын көрсете алу	4.2.1.1 білім алушыларға арналған өмір сүру ортасындағы баламалы шешімдерде қозғалыс идеяларын, стратегиялары мен жоспарларын көрсете алу

р мен жоспарларды бейімдеу		ын білу			
2.2 Командалық көшбасшының рөлін орындағының жету және дене дамуындағы қозғалыс мақсаттарына жеткізу, жету үшін дербес және бірлескен жұмыс жасай алу	0.2.2.1 қозғалыс мақсаттарының жету және дене дамуындағы бұзылуарды түзету туралы түсінікке ие болу	1.2.2.1 физикалық мүмкіндікті ерін ескере отырып, қозғалыс мақсаттарының дербес жетістікте рі туралы білу	2.2.2.1 қозғалу мақсаттарына қол жеткізу және жеке дене даму мүмкіндікте рінің күрделенген жағдайларында қимылдарды орындау үшін командада өз бетінше жұмыс істей алу	3.2.2.1 көшбасшылықпен дербес және командалық жұмысты көрсете алу	4.2.2.1 қозғалыс мақсаттарына қол жеткізу және қозғалыс функцияларын түзету үшін көшбасшылық рөлдерімен кезекпен алмасып, топта жұмысты өз бетінше талдай алу
2.3 Ағзаның жеке ерекшелікте рін ескере отырып, түзету және дамыту бағытындағы қолайлы оқу ортасын құру бойынша дамудың әлеуетті мүмкіндікті ері туралы түсінікке ие болу	0.2.3.1 түзету және дамыту бағытындағы қолайлы оқу ортасын құру бойынша дамудың әлеуетті мүмкіндікті ері туралы түсінікке ие болу	1.2.3.1 қозғалыс координациясын дамыту үшін түрлі дәнене жаттығуларын орындау қозғалыс жаттығула	2.2.3.1 әртүрлі дәнене жаттығуларын орындау қозғалыс жаттығула	3.2.3.1 әр түрлі дәнене жаттығула	4.2.3.1 әртүрлі дәнене жаттығула

				білімді қолдана алу	
2.4 Бірқатар дене жаттығулар ында ережелер мен құрылымды қ тәсілдерді қолдану, пайдалану, құру	0.2.4.1 қозғалыс мүмкіндікт ерін ескере отырып, дене жаттығула рын, мөлшерле нген күшті орындау кезінде қарапайым ережелерді қолдану бойынша түсінікке ие болу	1.2.4.1 дене және түзету жаттығула рын орындау кезінде қарапайым ережелер мен құрылымд ық тәсілдерді қолдана алу	2.2.4.1 дене даму ерекшелікте рін ескере отырып, әр түрлі дене жаттығулар ын орындау кезінде ережелер мен құрылымды қ тәсілдерді қолдана алу	3.2.4.1 дене даму ерекшелікт ерін ескере отырып, бірқатар дене жаттығула рында ережелер мен құрылымд ық тәсілдерді пайдалана алу	4.2.4.1 қозғалыс мүмкіндікт ерін ескере отырып, турлі дене жаттығула рын орындау кезінде ережелер мен құрылымд ық тәсілдерді көрсете алу
2.5 Конструкти втік ұсыныстар ұсына отырып, өзінің және басқаларды ң шығармаш ылық міндеттерін е син түрғысынан қараяу	0.2.5.1 дене дамуының ерекшелікт ерін ескере отырып, шығармаш ылық міндеттерд і менгеру бойынша түсінікке ие болу	1.2.5.1 зақымдалу ларды түзету және қозғалыс дағдылары н қалыптаст ыру бойынша өзінің және басқа да шығармаш ылық міндеттерін и түсіне алу	2.2.5.1 конструкти втік ұсыныстар ұсына отырып, өзінің және өзенің шығармаш ылық міндеттерін талқылай алу	3.2.5.1 конструкт ивтік ұсыныстар ұсына отырып, өзінің және өзенің шығармаш ылық тапсырмал арын пайдалана алу	4.2.5.1 конструкт ивтік ұсыныстар ұсына отырып, өзінің және өзенің шығармаш ылық тапсырмал арын біріктіре алу
2.6 Өздерінің физикалық	0.2.6.1 дене дамуын,	1.2.6.1 өз дenesін қабылдауд	2.2.6.1 өздерінің дене даму	3.2.6.1 өзінің және	4.2.6.1 әртүрлі жағдаятта

мүмкіндікте рін сезіну арқылы өз денесін қабылдауды ескере отырып, әр түрлі жағдайлард а көңіл- күй мен эмоциялард ы білдіруде шығармаш ылық қабілеттер мен идеяларды қолдану	моторикас ын, соматикал ық жағдайын ескере отырып, әр түрлі шығармаш ылық қабілеттер мен идеялар туралы түсінікке ие болу, өздерінің физикалық мүмкіндікт ерін сезіне алу	ы ескере отырып, негізгі шығармаш ылық стратегиял ар мен идеяларды пайдалану арқылы мұғалімге жеткізе алу	мүмкіндікте рін саналы түрде сезіну, өз денесін қабылдауды ескере отырып, эмоциялард ы білдіру үшін мұғалім мен құрдастард ың шығармаш ылық қабілеті мен идеяларын көрсете алу	басқаның шығармаш ылық қабілеттері мен идеяларын талдай отырып мұғалім мен құрдастар ына баяндап беру	алмасатын жаңа элементте рді құру үшін өзінің шығармаш ылық қабілеті мен идеясын өзгелерме н біріктіре алу
2.7 Дене шынықтыру қызметін орындау уақытында жеке және топтық тапсырмала рды орындау кезінде адал жарысу дағдысын және ұжымдық жұмыс жасай алу, патриоттық сезімді дамыту	0.2.7.1 патриотты қ сезім туралы түсінікке ие болу, ұжымдық қызметті қалыптаст ыру үшін жағдай жасай алу	1.2.7.1 патриотиз м нені білдіреді, жеке және топтық іс- әрекетті орындау кезінде қалай өзара іс- қимыл жасау керектігін түсіне алу	2.2.7.1 патриоттық сезім дегеніміз не және адад бәсекелесті кің мәнін түсіне отырып, бір-бірімен қарым- қатынас жасай алу	3.2.7.1 патриотиз мнің мәнін түсіндіру және қарым- қатынас пен адад ойын көрсете алу	4.2.7.1 жеке және топтық дене іс- әрекетінде патриотиз м сезімін және адад бәсекелест ік сезімін көрсете алу
